



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

цветов. Но вот на смену холодному с редкими оттепелями марту приходит нежный теплый апрель. Тогда весенние соки ударяют в дерево, и солнце начинает раскрывать почки сережки-шишечки заметно удлиняются и начинают „пылить“, окрашивая все в желтый цвет. Семена порывами ветра разносятся по всей округе. Пройдут годы, и поднимется из них дерево-пионер.

Своеобразны и листья ольхи. Хотя по форме они и напоминают немного листья яблони, но зато осенью их сразу можно отличить от других. Они до самого своего последнего мгновения остаются зелеными и не участвуют в осеннем хороводе красок. Золотые, красные, серые, бурые, коричневые листья других деревьев срывает осенний ветер, устилает землю сплошным ковром. А листья ольхи слетают с ветвей и падают на сырую холодную землю по-весеннему зелеными.[4]

Список использованных источников

1. Приймак Д. Скалы и легенды Баянаула.-А.: Казахстан, 1974, 190 с.
2. Попов Ю. Исследования Баянаула // Победа, №41, 1928, С. 15-18.
3. Буренков В. Среди скал и озер Баянаула // Наука и жизнь, №12, 1995, С.25-28.
4. Макашев А.Т. Жемчужины Казахстана. – А.: Кайнар, 1983, 305 с.

ӘОЖ 94(574)

ТОРҒАЙ ӨңІРІНІҢ ЭТНОГРАФИЯСЫ - ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

Бөстекбаева Айгерім Серікқызы

Aikerim.kz@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Археология және этнология мамандығының 1 курс
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Бикенов

Қазақстан – қазақ елінің ата –мекені. Өскен жері, өзен-көлі, тау мен тасы, ну орманы бірігіп бір тұтас мекенді құрайды. Осы мекенді келер ұрпаққа аманат етіп кеткен біздің ата-бабаларымыздың өткен өмірі, кешкен тіршілігі бізге аңыз әңгімелер мен жырлар арқылы жазылып қалған. Байтақ елдің кешегі жаугершілік замандардан аман- есен қалуы перзенттерінің даналары мен дараларының ерен еңбегі мен көрегенділігі мен білімділігінің арқасы.Атамекен ата-баба мекені қазақ тарихынан кішкентайда болса өзіндік орын алған қарт Торғай елінің тарихы тереңде жатыр.Торғай қаласы – ұлы даланың төсіне таққан алқасы, тарихтың алтын сандығы іспеттес. Онда халқымыздың сұлу тарихы сақтаулы. Бұл дала ықылым дәуір даласы қарт Торғай даласымен жалғасып жатыр. Қырқасында ақбөкен мен елік ойнап, көлде аққу ұшып, қаз қонған киелі кәрі Торғай жайлы қазақтың ақиық ақыны Ғафу Қайырбеков:

Көшелері құрғақ өзен арнасындай,

Қала едің кәрі шуда нар басындай.

Ішіне оқиғаны тиіп-сықап,

Тарихтың қойып кеткен арбасындай, - деген бір ауыз өлеңмен оның сыр-сипатын ашып берген еді. Торғай даласынан істерін отансүйгіштікке үлгі етер, өнеге тұтар ондаған азаматтар шыққан. Батыр қолбасшы, ел бірлігін қорғаған саясатшы, мәмілегер Шақшақ Жәнібек. Ұйқыдағы елін бірі маса болып шағып, бірі «оян, қазақ» деп ұрандаған Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов сынды Алаш көсемдері. Ел егемендігі жолында күрескен Әліби,Аманкелді, Кейкі сынды ержүрек батырларымыз. Поэзияның сәні де, нәрі де

болған ақындар: Әбіқай, Нұрқан, Ахметхан, Қайнекей, Сырбай, Ғафу, Кеңшілік ... Бұлар - Торғай азаматтары, осы өңірде туып, азаматтық істерге осы жерден қанаттанған. Сондықтан да болар, академик Зейнолла Қабдолов: «Торғай ұлыларды тудырған, ұлтымыздың ұясындай болған тарихи өлке» деп атаған болатын. Осындай азаматтарымыздың бірі қазақ тарихында ойып тұрып орын алатын «Бір Аллаға сыйынып, Кел, балалар оқиық!», - деп дала қоңырауын қаққан ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин.

Ыбырай Алтынсарин (Ибраһим) байырғы Торғай облысы, Николаевск уезі, Арақарағай болысында, қазіргі Қостанай облысы, Алтынсарин ауданында 1841 жылдың 20-шы қазанында дүниеге келген. Ол дарынды педагог, ағартушы, ақын, жазушы, этнограф, ғалым ретінде артына өте құнды әрі бай мұра қалдырды. XX ғасырдың ұлы жазушысы академик М.О.Әуезов кезінде: «Қазақ ССР тарихының өткен ғасырын еске алсақ, көзге толық, көңілге медеу үш адамды алдымен айтамыз. Олар – кең Қазақстанның шалғай жатқан өлкелерінен шықса да, үш бір туғандай сезілетін асыл жандар. Олар үшеуі үш мұнардай болған: Шоқан, Ыбырай, Абай» деп жазды. Әкесі Алтынсарин 1844 жылы Кенесары жасағы ауылын шапқанда қаза тауып, жастай жетім қалған Ыбырай ұлы атасы Балғожа би Жаңбыршыұлының тәрбиесінде өсіп, сол кісінің қолдауымен білім алған. Атасы алғыр немересін 1850 жылы Орынборда алғаш рет жеті жылдық мектепке берді. Сабақ орыс, араб, татар, парсы тілдерінде жүргізілді. Жасынан әр нәрсеге құштар, зерек шәкірт мектептің пәндік сабақтарын місе тұтпай, В.Шекспир, И.Гете, Д.Байрон, А.Пушкин, М.Лермонтов, И.Крылов сияқты батыс және орыс классиктерінің шығармаларын оқып шықты. Мектепті үздік бітірген Ыбырай туған ауылына келіп, 1857-1859 жылдары атасы Балғожа бидің хатшысы болып істеді. Көп ұзамай Орынбор облысының басқармасына кіші тілмаш болып орналасты. 1860 жылы облыс бақармасының тапсырмасымен Орынбор бекінісінде қазақ балалары үшін мектеп ашу мақсатымен Торғайға келген Алтынсариннің ағартушылық-ұстаздық қызметі басталды. Ол ауылдарды аралап, халықты білімге шақырып, қаржы жинай жүре Торғай ояздық басқармасында іс жүргізуші, Торғай ояздық соты қызметтерін қатар атқарды. Торғайдағы алғашқы мектеп 1864жылы 8 қаңтарда шаңырақ көтеріп, 14 шәкірт оқуға қабылданды. Мектеп жанынан интернат ұйымдастырылды. [1, 32 б.] Ы.Алтынсариннің көптеген еңбектері жарық көрді. Соның ішінде өлеңдер, балаларға арналған әңгімелер мен ертегілер, ересектерге арналған әңгімелер, ауыз әдебиетінің үлгілері, мақалдар мен мәтелдері сынды шығармалары халық санасында сақтаулы.

Ыбырай Алтынсарин өзінің біраз еңбектерін қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ерекшеліктерін зерттеп этнографиялық очерктер жазуға арнады. 1870 жылы Ресейдің география қоғамының Орынбор өлкетану бөлімшесінің тапсыруы бойынша ол «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрлерінің очеркі» мен «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очерктері» атты екі еңбегін жазып тапсырды. Бұл еңбектер орыс қауымына қазақ қоғамының әр алуан тұрмыс-салт ерекшеліктері туралы түсінік берген тұңғыш жазба еңбектер еді. [2, 25 б.] Бұл зерттеу мақалалар оның қазақ өмірінде елеулі орын алатын салт-дәстүрлерді жетік білетін, сол ғұрыптардың елдің тұрмыс-тіршілігіне, діни салт-санасына қарым қатынасын жете бағалайтын білімдар кісі екенін айқын танытады. Айталық, өлген адамның тірі күнінде өтей алмаған ораза, намазы үшін берілетін ысқаттың (садақаның) «күнәні сатып алу» деп аталып, оған тиесілі азықты молданың өзі алмай, кедейлерге берілуі тиіс екені атап көрсетіледі. Немесе автордың өлген адамға қойылатын ескерткіші мен үйіне жасалатын белгілердің мән-маңызын ашып баяндауы да ел тіршілігінің талаптарына бағындырылып отырады. Осыған орай ол: «Бейіт ауыл төңірегіндегі ең биік жердің үстінен қазылады, ал оның үстіне салынатын ескерткіш алыстан көрінетін болуы үшін, мүмкін қатары биік етіп жасалынады; еркектердің ескерткішінің төбесіне – найза, әйелдердің бейітінің үстіне – бақан немесе піскек, ал балалардікіне – бесік қойылады. Бұл бейіттерді жергілікті қазақтардың бәрі де жақсы біледі, елсіз, жолсыз ен далада келе жатқан жолаушыға

ол бейіттер жөн сілтейтін белгі болып табылады. Өлген кісіні жерлейтін орынды қарастырғанда, оның бейітінің суға жақын болуы еске алынады, өйткені жүргіншілердің сол бейітті бағдарлап су тауып ішу мақсаты көздестіріледі», - деп көрсетеді. Немесе қайтыс болған кісінің жас мерзімін ұзақтан әйгілейтін орамал белгілердің мән-жайы мен үй ішінде ілінген киімдердің сыр-сипаты да біліктілікпен түсіндіріледі. Сондай-ақ оның жоқтау мен айтушылары, шығарушылары, өлікке әкелген аза мен сойылатын мал, шығын, ас беру тәртібі, сойылған малдың мүшелерінің кімге, қалай берілетіні туралы айтқан пікірлері әдет-ғұрыптық, этнографиялық мәнге ие.[3, 10 б.]

Құда түсу, қыз ұзату, той жасау дәстүрлері жөнінде екінші мақала да танымдық ғылыми мәнге ие. Мәселен, автор құда түсу жәйіттеріне мән бере сөйлейді. Ол осыған орай: «Қазақтардың өзара қоғамдық қатынастары тек қана ескілікті әдет-ғұрыптар бойынша реттеліп отырған кезде, өздерінің достығын жекжат болып нығайтқысы келген адамдар бірінің әйелі ұл, екіншісінің әйелі қыз тапса, оларды некелеп бір-біріне қосатын болып уәделесе беруші еді. Бұл әдет қазіргі уақытта қалып бара жатыр, бірақ солай бола тұрса да, бұл әдет көп реттерде әлі күнге дейін бар. Екі-үш жасар ұлы бар дәулетті қазақтың қай-қайсысы болса да баласына өзі сықылды дәулетті және беделді біреудің қызын айттыруға тырысады. Баласы 10-11 жасқа толысымен-ақ оның ата-анасы тиісті кәдесін беріп, қалыңдығына ұрын жібереді. Баласын өзінің күйіне және жалпы жағдайына қарай жасы толмай тұрып та, жасы толғаннан кейін де үйлендіре алады. Ауқатты қазақтар баласын 11-12 жасында-ақ үйлендіре береді», - дей келіп, әмеңгерлік, көп қатын алу себептерін де ашып түсіндіреді: «Әйелінен айырылып қалған қазақ екінші әйел ала алады, алғанда екінші қайын атасына айып төлеп алады, бұл айыптың белгілі мөлшері жоқ, бірақ солай бола тұрса да көбінесе қымбатқа түседі. Мұндай жағдайға қарамастан қазақ байларының көбі бірнеше қатын алады. Бұл көп қатын алудың себебі діннің жол беруін былай қойғанда, мынадай себептерден де болады: әйелін өзі сүйіп алмай, ата-аналарының қосуы бойынша алған қазақтар мұндай әйелінен өзі сүйетін қасиетті әрқашан таба бермейді, осының салдарынан ондай ерлі-зайыпты адамдардың арасы суыйды, сонан кейін күйі көтерсе ол екінші әйел алады, бұрынғы әйелін де өзіне қалдырады. [3, 12 б.]Автор құда түсудің, қалың мал төлеудің жауласып отырған рулардың татулығы мен бірлігіне себеп болатынын да байыпты баяндайды. Мұның әрідегі Есім ханнан бері қарай елеулі қызмет атқарып келе жатқанын айтып, құда түсу ырымдары мен кәде, ілу беру жайлары, ауқатты кісілердің қалыңмалының мөлшеріне дейін тәпшітеп әңгімелейді.

1880 жылдың көктемінде «Оренбургский листок» газетінде оның «Қазақ даласындағы жұт туралы» корреспонденциясы жарық көреді. Мақала «Жұт туралы» және «Қазақ даласындағы аштық хақында » деген тақырыптармен екіге бөлініп, газеттің 16,17 – сандарында беріледі. Автор мақаласында Торғай көкжиегін қара бұлт торлағанын, қыстың аса қатал болып, мал қырылып, елдің ашаршылыққа ұшырағанын, көктемді бір айыр шөпсіз қарсы алғандарын сөз етеді. Мақала соңында автор бір байдың 1300 жылқысынан қыстың басынан 28 ақпанға дейін 60 жылқысы ғана қалғанын, сонымен бірге 35 адамның үсіп өлгенін жазады «Қазақтардың басына түскен ауыртпалықтың бәрі оларды бұрынғы отырған қоныстарынан көшіріп, мал бағып жүрген халықты отырықшылыққа үйретуден,- деп жазады Ыбырай Алтынсарин. Қазақ халқының басына түскен ауыртпалықтың куәсі бола отырып, далада өскен және өз халқымның басына түскен бар ауыртпалықты өз көзіммен көріп, бұл мәселедегі Вороницкий мырзаның жасаған жобасына қарсылығымызды білдіреміз әрі далада өскен адамның дауысын қажетті жердегі басшылардың құлағына жеткізер және де біздің бұл ойымыз ешкімге зиян келтірмес деп ойлаймын», - деп түйіндейді сахара даланың сауатты болуын армандаған халық жанашыры. [4] Ыбырай Алтынсариннің аталмыш газетте 1880 жылғы 20-сәуірдегі 17 санында жариялаған «Торғай облысының суармалы егіншілігі» деп аталған мақаласында: «Қазақтар егіншілікке талпыныс байқатып отыр және онымен тікелей шұғылданады. Бұлайша егіншілікке ұмтылысты Торғай уезі қазақтары өмірінен байқауға

болады. Өкініші сонда, егіншілік үшін қолайлы жердің жетіспегеніне қарамастан тұрған халық, аса төзімділік байқатады және ерен еңбекпен қыстау, өзен жағалауы маңында бос жатқан жерлерде игеру арқылы - арпа, бидай, сұлы егіп, егістікке су құбырларын жүргізіп, дәннің өсіп-өнуін қадағалап, қолдан суаруда қарапайым суармалық машина шығыр пайдаланған қазақ егіншілері әр күн сайын, ертеден кешке дейін барша отбасымен егістікте болады. Ендеше, олар әрбір қолайлы да, тиімді жер пұшпағын айрықша қадірлей күтіп сақтау арқылы оның дамуына үлкен үмітпен қарайды. Және онда ұрпақтың барша болашағы негізделіп жатқанын сезіне білген», - деп жазып қалдырды. [5, 29 б.] Сонымен бұл аталған зерттеу мақалалары Ыбырай Алтынсариннің қазақ өмірін жетік білетіндігімен қатар, оның жіті этнограф, ғалым екенінде айқын танытады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Рсаев Т., Кенжалин Ж., Бекболатұлы Ж., Әнес Ғ. Торғай елі энциклопедиясы. – А.: Арыс, 2013, 350 б.
2. Қалиев С., Базилов Ж. Қазақ халқының салт-дәстүрлері және демократ ағартушылары. – А.: Арыс, 1993, 225 б.
3. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары.-А.: Ғылым, 1994, 250 б.
4. Ақпараттық портал: [baq.kz /history/ kairatkerler /ibirai-altinsarinnin-resei-basilimdarindagi-makalalari-366](http://baq.kz/history/kairatkerler/ibirai-altinsarinnin-resei-basilimdarindagi-makalalari-366)
5. Алтынсарин Ы. Этнографиялық очерктер және ауыз әдебиет үлгілері.-Астана: Алтын кітап, 2007, 250 б.

УДК 929

ИЗВЕСТНАЯ ПОЛЬКА КАЗАХСТАНА

Брынза Татьяна Васильевна

Tanechka83-83@mail.ru

Преподаватель кафедры археологии и этнологии ЕНУ им. Л.Н.Гумилева,
Астана, Казахстан

Мария Петровна Смирнова-Кухарская родилась 17 октября 1921г. в селе Фернатия Балтовского района Одесской области. Окончив десятилетку, девятнадцатилетней девушкой в 1941 г., добровольно вступает в ряды Красной Армии. Мария Петровна вспоминает, что июнь сорок первого, девятнадцатое число – последний экзамен за десятый класс. Впереди университет «И вдруг вечером директор школы вызывает учком и говорит, что выпускной надо провести не 22 июня, а 20. посыпались вопросы, почему ничего не ответил наш любимый историк и директор Виктор Леонтьевич, а только сказал, что так надо».

В день выпускного вечера через станцию Слободка, что на юге Одесской области, проходили воинские части к границе), а была в ста тридцати километров от села). А в субботу, двадцать первого июня, комсомольцы - выпускники дежурили на вокзале. Уже была светомаскировка, и уже было понятно, что к чему - вспоминает Мария Петровна. «В этот вечер, после дежурства, я ночевала у подруги, а осталась вполночь и в апреле сорок четвертого перед приходом Советской Армии их группу выдал провокатор, и эсэсовец сожгли их заживо в тюрьме) Утром пошла домой и на Центральной площади увидела толпы людей, из громкоговорителя звучала речь Молотова война. А двадцать третьего июня слышала первые взрывы бомб и до того испугалась, что убежала из дома и спряталась в чужом погреб».

А потом девушка очнулась и бросилась в больницу. Она была командиром санитарной дружины, и должна была быть готовой в любую минуту оказать первую